



FTAMP 14.35.01
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-153-4-161-175>

Жоғары оқу орындарында оқу процесінің сапасын қамтамасыз етудің негізгі механизмдері

С.С. Алдабергенова¹, А.А. Ибжанова², А.Б. Аязбаева³, А.А. Акижанова⁴,
М.А. Серекпаева⁵

^{1,2,3,4,5}С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹ass_1982@mail.ru, ²ibzhanova83@mail.ru, ³ayzhan_tta@mail.ru, ⁴assiya_alibaeva@mail.ru, ⁵mika82.0242@gmail.com)

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның жоғары оқу орындарында (әрі қарай ЖОО) Болон процесіне қосылғаннан кейін туындаған оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз етудің негізгі мәселелері қарастырылады. Қаржыландырудың жеткіліксіздігі, профессорлық-оқытушылық құрамның жоғары орташа жасы, әлемдік үрдістерден қалыс қалу, өндіріспен өзара іс-қимылдың жоқтығы және нормативтік базаның тұрақсыздығы сияқты осы мәселелердің туындау көздері талданған. Мақсат қою, оқытушылардың біліктілігінің қазіргі заманғы талаптарға сәйкестігі, сапаны бағалаудың бірыңғай әдістемесінің болмауы және оқу үдерісін ұйымдастыру мәселелеріне ерекше назар аударылады. Авторлар аккредиттеу процедурасы бастапқы кезеңдерде формальды сипатта болса да, білім беру сапасына қойылатын талаптарды түсінуді жақсартуға ықпал ететінін және жетілдіруге ұмтылысты ынталандыратынын атап өтеді. Сонымен қатар, ЖОО сапа менеджменті жүйесінің (әрі қарай СМЖ) рөлі талданып, оның процестерді құжаттау, рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз ету және жауапкершілікті бөлудегі маңыздылығы атап көрсетілген. Алайда, СМЖ-нің оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз екенін, сапаны басқарудағы оқытушының рөлі негізгі екенін, сондай-ақ білім алушыларды өзін-өзі басқаруға тарту қажеттілігіне баса назар аударылды. Қорытындылай келе, жоғары білім беру сапасын қамтамасыз етудің тетіктері атап көрсетілген, олардың ішінде аккредиттеу, СМЖ, оқытушылардың біліктілігін арттыру және білім алушыларды оқу үдерісіне тарту.

Түйін сөздер: Оқу процесі, сапа, аккредиттеу, сапа менеджменті жүйесі, жоғары оқу орны, білім.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының (әрі қарай ҚР) ұлттық даму жоспарында тұжырымдалған білім беру саласындағы маңызды міндеттердің бірі ел дамуының негізгі факторлары

Түсті: 17.06.2025; Мақұлданды: 15.15.2025; Онлайн қолжетімді: 31.12.2025

*хат-хабар авторы

ретінде ғылым мен білім туралы түсініктерді нығайту және сапаға көңіл болу болып табылады (Қаулы, 2023 ж.). Қазіргі уақытта білім беру сапасының мәселелері ғылыми-педагогикалық қоғамдастықта кеңінен талқылануда (Fedorov V.A. & Tretyakova N.V. 2015; Kotova S.S., & Hasanova I.I. 2016). Білім сапасы – университет қызметінің негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде тұтынушы мен білім беру ұйымының талаптарына сәйкес келетін мамандарды даярлаудың қажетті деңгейін қамтамасыз ететін білім беру қызметінің қасиеттерінің жиынтығы ретінде түсініледі (S.K. Gill, et all 2022). Көрсетілетін қызметтердің сапасы білім беру ұйымының бәсекеге қабілеттілігімен анықталады және оның академиялық рейтингінің көмегімен көрсетіледі.

Тәуелсіздік алғаннан кейін ҚР жоғары білім беру жүйесі бірқатар өзгерістерге ұшырады. 2010 жылдан бастап, Қазақстанның Болон процесіне қосылуына байланысты халықаралық принциптер мен стандарттар кеңінен енгізіле бастады. Болон процесінің негізінде білім сапасын қамтамасыз ету мәселесі тұр, бірақ бұл мәселені шешуде әртүрлі қиындықтар туындауда. ҚР ЖОО-да білім сапасын қамтамасыз етудегі негізгі мәселелердің бірнеше себептерін атап өтуге болады:

- білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін мемлекеттік гранттардан басқа мемлекеттің қосымша қаржыландыруы жоқ;
- ЖОО-ның беделінің төмендігінен профессор-оқытушылар құрамының жеткіліксіздігі, кадрлардың зейнет жасында болуы;
- білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы әлемдік тенденциялардан артта қалу;
- ЖОО-ы мен өндіріс арасындағы тығыз байланыстың болмауы, бұл оқу процесінде оқытылатын материалдар мен өндіріс арасындағы айырмашылықтың артуына әкеліп соқтыруы;
- жоғары білім беру саласындағы нормативтік құжаттардың жиі өзгеруі, бұл олардың оқу үдерісіне енгізілуіне кедергі келтіреді және білім беру үдерісінің қатысушыларының түсінбеуіне әкеледі.

А.П. Парахонскийдің пікірінше, жоғары білім беру сапасын қамтамасыз етудегі дәстүрлі мәселелер болып, білім беру ұйымдарының үздіксіз ізденісі және өзгеруі, жоғары білім берудің «құлдырауының» себептерін анықтау (кадрлардың зейнет жасында болуы, білім берудің қаржыландырылуының жеткіліксіздігі), мемлекеттік емес ЖОО-ның ұсынатын білім беру қызметінің сапасының төмендігі болады (Парахонский А.П., 2010). Дегенмен, бұл пікір біздің ойымызша, консервативті болып саналады, өйткені әлемдік тәжірибе мемлекеттік емес ЖОО-ның болуы білім беру қызметінің сапасын арттыруға, оқу орындарының көрсеткіштері мен имиджін жақсартуға ұмтылуына әкелетінін көрсетеді. Сондықтан жоғарыда көрсетілген мәселелерді ескере отырып жоғары оқу орындарында оқу процесінің сапасын қамтамасыз етудің негізгі механизмдерін анықтау және талдау арқылы білім беру жүйесінің құрамдас ішкі жүйелерінің өзара әрекеттесуін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеуді негізге алып отырмыз. Осыған орай, қаржыландыруды көбейту маңызды, әсіресе ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобаларға бағытталған қаражатты ұлғайту қажет. Сонымен бірге, жаңа жас мамандарды тарту үшін жалақыны көтеріп, тұрғын үймен қамтамасыз ету сияқты қолайлы жағдайлар жасау арқылы профессор-оқытушылар құрамын жаңарту керек. Жоғары оқу орындары мен өндіріс арасындағы байланысты күшейтіп, тәжірибелік сабақтар мен өндірістік тағылымдамаларды көбейту маңызды. Білім беру саласындағы

нормативтік құжаттардың жиі өзгеруін тоқтатып, тұрақтылықты қамтамасыз ету қажет. Оқытушылардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру арқылы олардың қазіргі заман талаптарына сай болуын қамтамасыз ету маңызды. Сонымен қатар, студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуын ынталандырып, олардың пікірін ескеруге көңіл бөлу қажет.

Материалдар мен әдістер

Оқу процесінің сапасын қамтамасыз етудің ұсынылған моделін іске асырудың тұтас көрінісін жасау үшін әртүрлі зерттеу әдістері қолданылды, олардың арасында жүйелік тәсіл жетекші орын алды, өйткені ол оқу процесінің барлық құрамдас бөліктерін өзара байланыста қарастырып, сапаны кешенді түрде талдауға және басқаруға мүмкіндік береді. Зерттеудің тағы бір негізгі әдісі ретінде оқу процесінің сапасына ықпал ететін және кедергі келтіретін факторлардың категорияларын анықтау үшін сараптамалық бағалау әдісі қолданылды, анықталған факторлардан қандай проблемалар туындайтынын және оларды шешу жолдарын анықтау маңызды болды. Кешенді тәсіл арқылы теориялық талдау мен практикалық тәжірибені жалпылаудың жиынтығы қарастырылған. Зерттеудің маңызды объектілеріне оқу процесінің біртұтас жүйесінің ішкі жүйелерін қамтамасыз ету, атап айтқанда: профессорлық-оқытушылық құрам, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оқу-әдістемелік, ақпараттық ресурстар, білім алушыларды әлеуметтік қамтамасыз ету кірді. Деректерді жинау әдісі үшін қазақстандық ЖОО-ның өкілдерінен алынған сауалнама қорытындылары қолданылды.

Білім беру сапасын қамтамасыз етудегі мәселелердің пайда болу себептерін талдау барысында біз оқу процесіндегі сапаны қамтамасыз етудің негізгі мәселелерін қарастырдық. Оқу процесіндегі сапаны қамтамасыз ету мәселелерін топтастыра отырып, келесілерді атап өтуге болады:

- ҚР нормативтік заңнамалық базасының мәселесі. Білім беру саласындағы нормативтік база жиі өзгеріп отырады, бірақ оқу процесіндегі сапаны қамтамасыз ету мәселелерін шешуге бағытталмаған;

- дұрыс мақсат қою. Дұрыс емес мақсат қою білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде өзара әрекеттестіктің болмауына әкеледі, бұл олардың сапасына әсер етеді. Оқу процесін егжей-тегжейлі қарастырғанда, оқытушы мен білім алушы арасындағы дұрыс мақсат қою мәселесі оқу процесіндегі сапаны қамтамасыз ету мәселесін ішінара шешеді;

- профессор-оқытушылар құрамы мен олардың қызметінің мамандарды дайындау сапасына қойылатын талаптарға сәйкестігі. Мысалы, оқытушылардың орташа жасының жоғары болуы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеруін қиындатады, бұл олардың инновациялық әдістерді қолдануына әсер етеді. Жоғары білім беру жүйесін жаңа кадрлармен жаңарту жеткіліксіз, бұл еңбек ақысының төмендігіне, оқытушылардың жүктемесінің жоғарылығына және бұл мамандықтың престижінің төмендігіне байланысты;

- мамандарды дайындау сапасын бағалау және мониторингілеудің біртұтас әдіснамасының болмауы. Қазақстанның ЖОО-нда мониторингтік зерттеулерді жүргізу мәдениеті қалыптаспаған, қажет болған жағдайда ғана проблемалық мәселелер (мысалы, коррупцияға қарсы күрес, жұмыс берушілердің пікірі) зерттеледі, бірақ біртұтас, кешенді тәсіл әлі де қолданылмайды;

- ЖОО-нда оқу процесін қазіргі талаптарға сәйкес ұйымдастыру мәселесі. Қазақстанның ЖОО-нда оқу процесі аудиториялық, өзіндік және тәжірибелік дайындықты қамтиды. Дегенмен, олардың арақатынасын талдағанда, аудиториялық жүктеменің жиі басым

болуы әлемдік тенденцияларға қайшы келетінін байқауға болады. Оқытылатын материалдар мен өндірісте жүзеге асырылатын процестер арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар, бұл мамандарды дайындау сапасына әсер етеді;

– ЖОО мен бітірушілер арасындағы байланыстың мәселесі, олардың білім беру бағдарламаларының мазмұнына жеткіліксіз қатысуы. Бітірушілермен және олардың қызмет ететін салаларымен берік бизнес байланыстарын орнату білім беру бағдарламаларының мазмұнында өндірістегі негізгі тенденцияларды және бітірушілердің білімдегі мүмкін бос орындарын есепке алуға мүмкіндік береді.

Жоғары білім беру жүйесіндегі сапаны басқару – бұл кез-келген ЖОО-ң басты міндеті, ол үшін білім беру сапасын қамтамасыз етудің негізгі құралдары мен әдістерін анықтау қажет. Білім беру сапасын басқаруды бір жақты қарастыруға болмайды, бұл мәселені жүйелі түрде әртүрлі тұрғыдан қарастыру қажет. Қазіргі уақытта Қазақстанның ЖОО-да оқу процесін басқарудың сапасын қамтамасыз ету үшін сапаны басқару жүйесі, институционалдық аккредиттеу және білім беру бағдарламаларын аккредиттеу қолданылады.

Аккредиттеу процедурасы Қазақстанның ЖОО-нда мамандарды дайындау сапасын мойындаудың маңызды құралы болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстанның ЖОО дамудың осы кезеңінде Болон процесінің принциптерін түсінуге және аккредиттеу процедурасын өткізудің қажеттілігіне көз жеткізуде. Қазақстанның ЖОО-ын халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялауды белсендіру мақсатында Ғылым және жоғары білім министрлігі аккредиттеу процедурасын ЖОО үшін тартымды ететін бірқатар ынталандыру шараларын әзірледі. Дегенмен, ЖОО белгілі-бір уақыт өткеннен кейін аккредиттелген бағдарламалардың болуы абитуриенттер, әсіресе шетелдіктер үшін тартымдылықты арттыратынын және бітірушілердің дипломдарын басқа елдерде нострификациялауды жеңілдететінін түсінді. Уақыттың белгілі бір кезеңін талдау, білім беру бағдарламаларын аккредиттеу ЖОО жағынан біршама ресми сипатта болғанын көрсетеді, дегенмен аккредиттеу мерзімі өткеннен кейін және ЖОО процестерін үздіксіз талдау нәтижесінде, әсіресе аккредиттеуден кейінгі кезеңде, процестерді жетілдірудің оң динамикасы байқалды, бұл реаккредитацияға дайындық кезінде сезілетін болды. Аккредиттеу органының стандарттарына қойылатын талаптарды түсінуде және оларды білім беру процесінде қолдануда айтарлықтай жақсару байқалды, сонымен қатар аккредиттеу процедурасының мақсаты анықталды. Осылайша, білім беру жүйесіндегі аккредиттеу маңызды рөлге ие болды.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселесі ЖОО-нда басқару жүйесін өзгертуге әкелді, менеджерлік тәсіл қолданыла бастады. Халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігіне интеграциялану мақсатында ҚР 2000-жылдардың басынан бастап ISO 9001 халықаралық стандартының талаптары енгізіле бастады. Қазақстанның ЖОО ISO 9001 стандартының принциптері мен талаптарын зерттеп, оларды жоғары білім беру жүйесіне бейімдеуге кірісті.

Бастапқыда «Менеджмент» ұғымы өнімнің сапасын бақылау және оны оңтайландыру арқылы өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған құрылымдардың пайда болуымен байланысты болды. Әрбір ЖОО-нда әрдайым сапаны қамтамасыз ету элементтері қолданылды, оларға: қызметті жоспарлау, процестерді бақылау және мониторингілеу, сондай-ақ түзету және алдын алу принциптерін қолдану жатады.

Жоғары білім беру жүйесіне бейімделген және қолданылатын жүйелердің бірі ISO 9000 стандарттарының сериясы болып табылады, бұл стандарт және оның нұсқалары

жоғары білім беру жүйесінде сапаны қамтамасыз ету үшін қолданылады. ISO 9000 стандартының сериялары негізінен қызмет немесе өнім сапасын қамтамасыз ету мен жетілдіруге бағытталған тәсілді қолданады (Варченко Е.И., 2013).

ISO 9000 сериясының стандарттары бәсекеге қабілетті өнімді жасауға бағытталған, бірақ олардың талаптары жоғары білімнің ерекшеліктерін есепке алмайды және университеттің білім беру қызметінің тиімділігін әлеуметтік институт ретінде бағалауға мүмкіндік бермейді, яғни жаңа білімді қайта өндіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Осылайша, ол университеттің сапаны басқару жүйесі және оның нәтижелілігі бітірушілердің тұтынушылардың талаптарына сәйкестігін бағалау арқылы анықталады деп есептейді, сонымен қатар олардың дайындық деңгейі ғылым мен техниканың соңғы жетістіктеріне негізделген болуы керек (Попова, В. (2019).

Сапаны басқару жүйесін университеттерде енгізу тәртібін қарастыра отырып, Г.С. Минжаева басқарудың жоғарғы деңгейінен бастау қажет деп санайды, әкімшілік ресурсты пайдалана отырып, оның принциптері мен талаптары қазіргі басқару жүйесіне қолданылуы керек. Сапаны басқару жүйесінің процестері жетілдірілген сайын, оны іске асыруға ұжымның кең қабаттары тартылады. Бұл болашақ мамандарды дайындау сапасы мәселелерін шешуге қызметкерлерді толық қатыстыруға ықпал ете алады. Г.С. Минжаеваның атап өткенінше, сапаны басқару жүйесі білім беру бағдарламаларының мазмұнын, оларды іске асыру жолдары мен мүмкіндіктерін анықтамайды, тек оларды университетте басқару әдістерін қалыптастырады (Минажева Г.С., 2009).

ISO сериясының стандарттары жалпы сапаны басқару (TQM) принциптерін біріктіру үшін қолданылады, ол басқару тәсіліне жатады және табысқа жетуге, қызметкерлердің қатысуын ынталандыру арқылы процестерді жетілдіруге, сондай-ақ тұтынушының талаптарын орындауға, оның қанағаттандырылуын қамтамасыз етуге және заңнаманың барлық нормаларын сақтауға бағытталған. Сапаны басқару жүйесіндегі негізгі стандарттар ISO 9001 және ISO 9004 стандарттары болып табылады, олар бір-бірімен үйлесімді. Оларды бөлек және біріктіріп қолдануға болады, олар ұқсас құрылымға ие, бірақ әртүрлі қолдану аясына ие, олар талаптарға байланысты әртүрлі өнім түрлеріне қолданылады (Каланова Ш.М. және Бишимбаев В.К. 2006).


Қазіргі уақытта тіпті білімі әлемдік талаптарға сай келетін елдерде де СМЖ стандарттарын енгізу белсенді түрде жүріп жатыр, өйткені олардың принциптері университеттің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің бір тәсілі болып табылады. ISO сериясының стандарттарының ерекшеліктерінің бірі – процестерді толық құжаттау. Бұл құбылыстың артықшылығы – процестің, әрбір құрылымдық бөлімше мен бөлімнің қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету, сонымен қатар қызметкерлерге процедураларды қатаң реттеу арқылы шектеулер қою. Университеттегі сапаны басқару жүйесі әкімшілік басқаруға негізделген, ол нақты көрсеткіштер арқылы жоғары мектептің процестері мен процедураларын жетілдіру, үздіксіз жақсарту мен процедуралардың тиімділігін қамтамасыз етеді. Бұл стандарттардың талаптары әртүрлі қызмет түрлеріне, соның ішінде білім беру жүйесіне де қолданылады. СМЖ енгізудің негізгі артықшылығы – білім беру ұйымының процестері мен процедураларының ашықтығы, процестерді құжаттау, өкілеттіктерді тапсыру және жауапкершілікті басқару деңгейлері бойынша бөлу. ЖОО-нда сапаны басқару жүйесін енгізудің нәтижелілігін талдау арқылы белгілі бір тұжырымдар жасауға болады. Атап айтқанда, ISO 9001 сериясының стандарттарының принциптері білім беру жүйесін процестік тәсіл арқылы басқаруды қамтамасыз

етеді, яғни әрбір процесс басқарылады және оны іске асырудың әрбір кезеңінің реті анықталады. Ішкі аудит процедурасы университеттің бөлімшелерінің шамадан тыс ауытқулары мен бұзушылықтарын уақытында бақылауға, анықтауға және алдын алуға мүмкіндік береді (Абдыров А.М. және т.б., 2017). Сонымен қатар, университеттердің стратегиялық міндеті – білім сапасын қамтамасыз етуге ұмтылу, ол сапаны қамтамасыз етудің ұлттық жүйесінің құрамдас бөліктеріне негізделген.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарындағы оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету бірқатар өзара байланысты ішкі жүйелердің тиімді қызметіне тәуелді екенін көрсетті және оқу процесінің сапасын арттыруға бағытталған институционалдық өзгерістер қажеттігін көрсетеді. Жалпы алғанда, ұсынылған механизмдер жоғары оқу орындарындағы оқу процесін біртұтас жүйе ретінде қарастыра отырып, оның барлық ішкі элементтерінің өзара байланысын нығайтуға бағытталған. Бұл кешенді тәсіл сапалы, қолжетімді және заманауи білім беруді қамтамасыз етуде.

ЖОО әр салада сауалнама жүргізуде белсенді, мүдделі тараптар тобында қарастырылып отырған мәселе бойынша кері байланысты жүзеге асыру процесіне баса назар аударады, бұл туралы мәлімет 1 суретте көрсетілген.



1-Сурет. Білім беру бағдарламалары шеңберінде білім алушыларға, жұмыс берушілерге, қызметкерлерге білім беру сапасы мәселелері бойынша сауалнамалар жүргізудің кезеңділігі туралы жауаптарды бөлу, %

ЖОО атап өткендей, респонденттердің орта есеппен 86%-ы осындай зерттеулердің жыл сайынғы іске асырылуын атап өтті, 61%-ы жұмыс берушілердің жыл сайынғы сауалнамасына, 9%-ы қажеттілігіне қарай, ал 10%-ы бұл зерттеулер жүргізілмейтінін мойындады. Жұмыс берушілердің сауалнамасы да кең таралған, жыл сайын немесе 2 жылда бір рет болатынын сарапшылардың 63%-ы атап өтті. Қызметкерлер білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асырудың белсенді қатысушысы болып табылатынына қарамастан, білім беру сапасын қамтамасыз етуде аса маңызды рөл атқаратындығына қарамастан, респонденттердің 35%-ы өздерінің университеттерінде мүдделі тараптардың осы тобына сауалнама жүргізбейтіндерін айтты,

ЖОО-да жұмыс істейтін сапаны қамтамасыз ету жүйесінің тиімділігіне әсер ететін негізгі мәселелердің бірі тиісті құралдар мен рәсімдерді қолданумен байланысты, яғни білім беру қызметінің сапасын арттыру, тұрақты бақылау және жетілдіру мақсатында қолданылатын жүйелі құралдар мен әдістер жиынтығы. 1-кестеде респонденттер көрсеткен ең көп таралған процедуралар мен сапаны қамтамасыз ету құралдары берілген.

1-Кесте. ЖОО-да қолданылатын сапаны қамтамасыз ету құралдары

№	Сапаны қамтамасыз ету құралы	%
1	Білім алушылардың білім сапасына қанағаттанушылығын бағалау сауалнамасы	85
2	Жұмыс берушілер арасында білім сапасы бойынша сауалнама	83
3	Түлектердің жұмысқа орналасуы мен мансаптық өсуіне мониторинг жүргізу	70
4	ЖОО-дағы жұмысқа қанағаттанушылықты бағалау бойынша оқытушылар мен қызметкерлердің сауалнамасы	61
5	Кәсіби-қоғамдық аккредиттеу	54
6	Сыртқы аккредитация (білім беру бағдарламаларының және ЖОО-ның жалпы аккредитациясы)	52
7	Сыртқы аудит	47
8	Ішкі аудит (ішкі бақылау, ішкі сапа аудиті)	44
9	ЖОО қызметін өзін-өзі бағалау (белсенділігін өзін-өзі бағалау)	38
10	Эксперттік бағалау (білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйелеріне сараптамалық баға беру)	33
11	Біліктілікті тәуелсіз бағалау (біліктілікті тәуелсіз бағалау)	32
12	Білім беру бағдарламалары мен қызмет сапасының тұрақты мониторингі	24
13	Білім беру нәтижелерінің мониторингі (қорытынды бақылау нәтижелері, GPA және т.б.)	22

Зерттеу нәтижесінде ҚР жоғары оқу орындарында (ЖОО) енгізілген сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) оқу процесінің сапасын толық қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз құрал болып табылатыны анықталды. СМЖ негізінен басқарушылық және әкімшілік үдерістерді құжаттау мен реттеуге, процедуралардың ашықтығын қамтамасыз етуге, жауапкершіліктер мен өкілеттіктерді нақты бөлуге бағытталған. Алайда бұл жүйе оқу үдерісінің мазмұндық аспектілеріне, атап айтқанда оқытудың әдістемесі, білім беру мазмұны мен педагогикалық жаңашылдықтарды басқаруға тікелей ықпал етпейді. Осыған байланысты оқу сапасын арттыру үшін СМЖ-ны педагогикалық менеджментпен, академиялық еркіндік пен білім беру мазмұнына жүйелі тәсілмен толықтырып отыру қажет. ҚР ЖОО-ларының басым бөлігі ISO 9001:2015 халықаралық стандартына негізделген сапа менеджменті жүйесін, яғни процестік тәсіл, тәуекелге бағытталған ойлау және мүдделі тараптардың үмітін қанағаттандыруды енгізген. Бұл жүйе ЖОО-да оқу процесі жүйелік тәсілде құрылып, процесстер жиынтығы ретінде қаралады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі МЖББС шеңберінде қазақстандық ЖОО-нда білім беру сапасын бағалау механизмдеріне жалпы талаптар қалыптастырылған,

оларға: білім алушылардың білім беру процесінің мазмұнын, ұйымдастырылуы мен сапасын бағалауы; жұмыс берушілерді, педагог қызметкерлерді білім беру сапасын тұрақты бағалауды жүргізуге тарту; мемлекеттік аккредиттеу; білім беру бағдарламаларын кәсіптік-қоғамдық аккредиттеу жатады. Сонымен қатар, біздің ойымызша, бұл талаптар жалпы білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесін емес, бағалау мен бақылауды ғана көрсетеді.

Сапаны қамтамасыз етудің институционалдық деңгейі бағдарламалық деңгеймен салыстырғанда көбірек реттеледі. Білім беру қызметін мемлекеттік аккредиттеу шеңберіндегі аккредиттеу сараптамасы білім беру бағдарламалары бөлінісінде жүзеге асырылатынына қарамастан, университеттерде білім беру сапасын қамтамасыз ету механизмдеріне қойылатын талаптар, әдетте, бағдарламаға емес, бүкіл білім беру ұйымына қатысты бірыңғай және жалпы жергілікті нормативтік құжаттарда біріздендірілген және реттелген. Қазақстанда институционалдық және мамандандырылған аккредиттеулер білім беру сапасын қамтамасыз ету IQAA, IAAR, БСҚТА тәуелсіз агенттіктері арқылы жүзеге асады және оқытудың нәтижеге бағытталғандығын және тұрақты жетілдіру жүйесін көрсетуі тиіс. Сыртқы сапаны қамтамасыз ету жүйесінде «Атамекен» ҰКП сыртқы аудиттік тексерістер арқылы оқу процесінің нормативтік құжаттарға сәйкестігін қадағалап, жұмыс берушілер арасында сұранысқа ие бағдарламалар бойынша ұлттық рейтинг жүргізеді.

Қазақстандық ЖОО-нда білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйелері Болон процесінің маңызды элементі ретінде университеттер үшін мемлекеттік аккредиттеу модельдерін қолданады, оны қолданудың қатаң регламенттелген рәсімінің болуы жоғары оқу орындарының сапаны қамтамасыз етудің өзіндік модельдерін әзірлеуге, сондай-ақ халықаралық талаптарға сәйкес білім беру сапасының сыртқы бағалауларынан (сараптамаларынан) өтуге уәждемесін төмендетеді. Оқу үдерісін сапалы басқару ең алдымен тікелей оқытушы арқылы жүзеге асырылады. Бұл басқарудың функцияларына сабақтың сапасын қамтамасыз ету деңгейін жоспарлау, жоспарланған шараны орындау, білім алушылардың оқу, шығармашылық, зерттеу және басқа да қызметтерін бақылау және бағалау, сондай-ақ алынған нәтижелерді бағалау және т.б. Мұндай басқарудың маңызды буыны мониторинг болып табылады, ол білім алушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді. Кері байланыс негізінде ғана оқу үдерісінің сапасы мен тиімділігін басқару, жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу барысында пайда болатын ауытқуларды уақытында реттеу процесі мүмкін болады.

Оқу үдерісін сапалы басқарудың маңызды аспектісі – білім алушыларды өзі оқу, ғылыми және басқа да қызметтерінің сапасы мен тиімділігін өздігінен басқаруға тарту. Дегенмен, біздің зерттеулеріміз білім алушылардың өздігінше басқаруды жүзеге асыруға әрдайым дайын еместігін көрсетті. Өкінішке орай, білім алушылар арасында өздігінше мақсат қоюға тартылатындар сирек кездеседі. Ол болмаса басқару процесі тиімсіз немесе мүлде мағынасыз болады. Тәжірибе көрсеткендей, бұл мәселе білім беру үдерісінде әлі де жеткілікті зерттелмеген. Басқарудың екінші аспектісі - оқулықтың (оқу құралының) басқару функциялары. Бұл басқару функциялары қандай және олар оқу мазмұнын меңгеру сапасын қамтамасыз етуде қандай рөл атқарады? Мұндай сұрақтар оқытушыларға өздері қолданатын оқулыққа қатысты сирек немесе ешқашан қойылмайды.

Д.В. Чернилевский оқулықтың функцияларына білім беру мазмұнын ашуын қамтамасыз ететін ақпаратты, материалды ерекшелеу және реттеуді қамтитын басшылық

функциясын, білім алушының ынталандыруда білімді меңгеруге және бекітуге деген қызығушылығын арттыруда оқулықтың рөлі мен маңызын анықтау екендігін пайымдаған. Басылым материалы білім алушылардың қосымша әдебиетпен және дереккөздермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз етуі керек;

- өзін-өзі бақылау және жаттығулар функциясы білім мен дағдылардың тұрақты дамуын қамтамасыз етеді, ол жаттығуларды қолдану, өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру және қайталау арқылы жүзеге асырылады;

- үйлестіру функциясы, ол нақты пән шеңберінде басқа оқулықтармен және әдістемелік қамтамасыз ету өкілдерімен өзара байланысты орнатады;

- ұтымды функциясы білім алушы мен оқытушының еңбек шығындарын реттеуге және уақытты үнемдеуге бағытталған және оқу үдерісінің басқа да ұтымды әдістерін қолдануға мүмкіндік береді;

- оқулықтың басқа да функциялары.

Д.В. Чернилевскийдің білім алушының танымдық қызметін басқару функциясы оқулық арқылы жүзеге асырылады, ол оқу пәнінің мақсаттарына дидактикалық құралдарды қолдану арқылы жетуге бағытталған, кеңістікте және уақытта жазылған оқу бағдарламасын білдіреді деген ұғыммен келісеміз. Мәселе мынада, басқару өзінің белгілі бір функциялары мен механизмдеріне ие болуы керек, олардың бағасы негізінде оқулықтың (оқу үдерісінің) басқару функциясы анықталады. Оқулықтың басқарудағы іске қосу механизмінің рөлін көбінесе оқытушының өзі атқарады. Бұл жағдайда оқулықты оқытушының басқару механизмі ретінде қарастыруға болады (Чернилевский Д.В., 2002).

Оқытуды басқару үдерістерін келесі кезеңдерден тұрады: мақсаттарды белгілеу және оқытудың ақпараттылығы, шешім қабылдау, коммуникативтілік, болжау, оқытуды бақылау және бағалау, түзету. Бұл кезеңдер оқыту үдерісін үздіксіз жетілдіруге, басқарудың тиімділігін арттыруға және білім беру сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеу қазақстандық ЖОО-да білім беру сапасын жүйелі негізде қамтамасыз етуге қатысты іске асырылатын жоғары оқу орындарында оқу процесінің сапасын қамтамасыз етудің негізгі тәсілдерін айқындауға, қолданылатын рәсімдер мен механизмдердің еуропалық тәсілге, сондай-ақ аталған тәсілдерді дамытудың басым проблемалары мен перспективаларын айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері білім беру сапасын қамтамасыз етудің көп деңгейлі тәсілін жүзеге асыру қажеттілігі туралы гипотезаны растады.

Жоғары оқу орындарында оқу процесінің сапасын арттыру мақсатында зерттеу нәтижелері негізінде бірнеше бағыт бойынша кешенді ұсыныстар әзірленді. Алдымен, профессорлық-оқытушылық құрамның кәсіби әлеуетін арттыру қажеттілігі басым бағыттардың бірі ретінде қарастырылды. Бұл тұрғыда оқытушылардың үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету, ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатысуын ынталандыру, сондай-ақ инновациялық педагогикалық тәсілдерді енгізуге қолайлы жағдай жасау маңызды болып табылады. Материалдық-техникалық базаны жетілдіру де оқу сапасына тікелей әсер ететін фактор ретінде қарастырылды. Жоғары оқу орындарында заманауи құралдармен жабдықталған оқу зертханалары мен аудиториялар саны жеткілікті болуы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен енгізілуі мен қауіпсіз әрі инклюзивті оқу ортасын қалыптастыру – сапалы білім берудің алғышарттары саналады. Оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру бағытында оқу

бағдарламаларын еңбек нарығының өзгермелі талаптарына сәйкестендіру, оқу үдерісіне заманауи оқыту технологиялары мен әдістерін (практикалық-бағдарлы оқыту, жобалық әдіс, кейс-талдау, т.б.) енгізу қажеттігі айқындалды. Сонымен қатар, оқу-әдістемелік материалдарды цифрландыру және оларды ашық қолжетімді ету де білім алушылардың өздігінен білім алуына мүмкіндік береді. Ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалану – білім беру сапасының маңызды құрамдас бөлігі. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында электрондық кітапхана қорларын толықтыру, халықаралық ғылыми дерекқорлармен интеграция орнату, сондай-ақ білім алушылар мен оқытушылардың ақпараттық сауаттылығын арттыру бойынша жүйелі шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Сондай-ақ, білім алушыларды әлеуметтік тұрғыда қолдау – оқу процесінің толыққанды жүзеге асуына ықпал ететін маңызды фактор. Бұл бағытта әлеуметтік стипендиялар мен жеңілдіктер жүйесін жетілдіру, психологиялық қолдау қызметін дамыту, студенттерге арналған тұрмыстық және медициналық жағдайларды жақсарту, сондай-ақ бос уақытты тиімді ұйымдастыру үшін мәдени-спорттық инфрақұрылымды нығайту қажет. Осы аталған бағыттар бойынша кешенді іс-шараларды жүзеге асыру жоғары оқу орындарындағы оқу процесінің сапасын арттырып қана қоймай, студенттердің жан-жақты дамуына, кәсіби бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жоғары оқу орнында оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету ішкі және сыртқы басқару механизмдерін қамтитын көп деңгейлі және жүйелік міндет болып табылады. Жүргізілген талдау нәтижелері білім беру ұйымының стратегиясына интеграцияланған білім беру сапасын бақылау мен арттырудың тиімді құралдарын енгізбей ЖОО-лардың тұрақты дамуы мүмкін еместігін көрсетті. Қазіргі кезеңде білім беру сапасын қамтамасыз ету университеттер қызметінің маңызды басым бағыты болып қала береді, ол Болон процесінің негізгі құжаттары мен ережелерінде көрсетілген механизмдерде, сондай-ақ ұлттық білім беру стандарттарында көрініс табады.

Негізгі механизмдердің бірі-сыртқы және ішкі аккредиттеу жүйесі. Институционалдық және бағдарламалық аккредиттеу рәсімі білім беру бағдарламаларының белгіленген талаптарға сәйкестігін растауға ғана емес, сонымен қатар жоғары оқу орындарын инновациялар мен өзін-өзі рефлексиялауға ынталандыра отырып, оқу қызметін үнемі жетілдірудің факторы болып табылады. ISO 9001 қағидаттарына негізделген және білім беру қызметінің ерекшелігіне бейімделген СМЖ енгізу де маңызды механизм болып табылады. СМЖ білім беру процесін жоспарлауға, іске асыруға және мониторингке жүйелі тәсілді қамтамасыз етеді, бұл рәсімдердің ашықтығын және білім беру нәтижелерін бағалаудың объективтілігін арттыруға мүмкіндік береді. Оқытушы кадрларды даярлау сапасы оқу процесінің тиімділігіне тікелей әсер ететін сыни фактор болып табылады. Педагогикалық құзыреттілік, оқытудың инновациялық әдістемелерін меңгеру, үздіксіз біліктілікті арттыру және академиялық ұтқырлық білім алушыларды оқытуға және дамытуға бағытталған кәсіби ортаны қалыптастыратын элементтер. Білім алушыларды білім беру сапасын бағалау және жақсарту процестеріне тарту ерекше маңызға ие. Кері байланыс механизмдері, білім алушылардың академиялық өзін-өзі басқаруға, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және бағалауға қатысуы білім алушылардың жауапты ұстанымын қалыптастыруға ықпал етеді және білім алушыларға бағытталған тәсілді нығайтады.

Сондықтан ЖОО-да оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету механизмдердің әрқайсысы аккредиттеу, СМЖ, педагогикалық әлеуетті дамыту және студенттердің белсенді қатысуы оқшауланбаған, бірақ өзара байланыста жұмыс істейтін кешенді тәсілге негізделуі тиіс. Білім беру процесінің барлық қатысушыларының ынтымақтастыққа дайындығы мен сапасының тұтас стратегиясы болған жағдайда ғана жоғары білім беру саласында тұрақты және жоғары нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Авторлардың қосқан үлесі

Алдабергенова С.С. – зерттеудің тұжырымдамалық негізін әзірледі, оқу үдерісін басқару механизмдерінің теориялық аспектілерін жүйеледі, қолжазбаны ғылыми және тілдік редакциядан өткізді, соңғы нұсқаны мақұлдады.

Аязбаева А.Б. – деректерді жинақтады, алынған мәліметтерді өңдеді және нәтижелерді баяндап, кіріспе мен нәтижелер бөлімдерін құрастырды.

Акижанова А.А. – әдістемелік бөлімді әзірлеуге жауапты болды, оқу сапасын бағалау критерийлерін қалыптастырды, әдебиеттер тізімін рәсімдеді.

Ибжанова А.А. – деректерді жинау мен жүйелеу процесіне қатысты, алынған мәліметтерді талдап, баяндап, нәтижелерді интерпретациялады, қорытынды бөлімнің бастапқы нұсқасын дайындады.

Серекпаева М.А. – зерттеу құрылымын жобалап, аналитикалық материалдарды жинады, ғылыми мәтінді редакциялады.

Әдебиеттер тізімі

Абдыров, А.М., Алдабергенова, С.С., Алдабергенова, А.С., Мауина, Г.М. (2017) «Управление качеством учебного процесса в вузах», МНПК «Инновации в профессиональном и профессионально-педагогическом образовании», 446-449. Қолжетімді: https://elar.rsvpu.ru/bitstream/123456789/20636/1/ippo_2017_133.pdf (қол жеткізілген күні: 27.01.2025).

Варченко, Е.И. (2013) «Управление качеством образования в образовательном учреждении», Молодой ученый, 3(50), стр. 471-474. Қолжетімді: <https://moluch.ru/archive/50/6384> (қол жеткізілген күні: 27.01.2025).

Каланова, Ш.М., Бишимбаев, В.К. (2006) Тотальный менеджмент качества в высшем образовании: учебное пособие – практикоориентированная монография. Астана: Издательство «Фолиант».

Калдыбаев, С.К., Бейшеналиев, А.Б. (2015) «Качество образовательного процесса в структуре качества образования», Успехи современного естествознания, 7, стр. 90-97. Қолжетімді: https://s.natural-sciences.ru/pdf/2015/2015_07.pdf#page=90 (қол жеткізілген күні: 27.01.2025).

Котова, С.С., Хасанова, И.И. (2016) «Качество образовательного процесса в университете глазами студентов», Образование и наука, 9(138), стр. 43-61. <https://DOI:10.17853/1994-5639-2016-9-43-61>

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы. Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (қол жеткізілген күні: 28.01.2025).

Минажева, Г.С. (2009) Разработка внедрение и совершенствование системы менеджмента качества в высших учебных заведениях Казахстана. Науч.-практ. издание. Алматы: Издательство «Қазақ университеті».

Парахонский, А.П. (2010) «Проблемы обеспечения качества образования», Современные наукоемкие технологии, 7, стр. 310-313. Қолжетімді: <https://s.top-technologies.ru/pdf/2010/7/109.pdf> (қол жеткізілген күні: 29.01.2025).

Попова, В. (2019) «Научно-педагогический прогноз воспитательной деятельности педагога: свобода выбора и ответственность», Проблемы современного педагогического образования, 62-2, 213-216. Қолжетімді: <https://elibrary.ru> (қол жеткізілген күні: 29.01.2025).

Angulo, P., Angulo, P. J., Coronel, E. y Espinoza, J. A. (2016). Consideraciones y estrategias para la implementación de un sistema de gestión de la calidad ISO 9001 en el marco del Licenciamiento y la Acreditación de la Educación Superior Universitaria en el Perú. Apunt. Cienc. Soc, 6(2), P. 181-192. <http://dx.doi.org/10.18259/acs.2016028>

Fedorov, V.A., Tretyakova, N.V. (2015) «Quality management of educational institutions in protecting students health: conceptual and structural-functional innovations», Scientific Bulletin of National Mining University, 6(150), P. 134–143. Қолжетімді: <https://elar.rsvpu.ru/handle/123456789/28014> (қол жеткізілген күні: 28.01.2025).

Gill, S.K., Dhir, A., Singh, G., Vrontis, D. (2022) «Transformative Quality in Higher Education Institutions (HEIs): Conceptualisation, scale development and validation», Journal of Business Research, 138, P. 275-286. <https://doi.org/10.1016/j.jbusres.2021.09.029>

Marina Angélica, Katia de Jesús del Carmen, Hilda Gisella. (2021). Gestión de la calidad en la educación superior: una revisión sistemática. gobernanza. Diciembre. Vol.4/ N°16, P. 307–333. <https://doi.org/10.47865/igob.vol4.2021.160>

Mohammad, M.F., Abdullah, R., Jabar, M.A., Nor, R.N.H.(2022) Establishing Knowledge Management Model of Quality Management Systems for Higher Education Institutions, Global Perspectives on Quality Assurance and Accreditation in Higher Education Institutions Igi Global, P. 90–118. DOI:10.4018/978-1-7998-8085-1

С.С. Алдабергенова¹, А.А. Ибжанова^{*2}, А.Б. Аязбаева³, А.А. Акижанова⁴, М.А. Серекпаева⁵

^{1,2,3,4,5} *Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина,
Астана, Казахстан*

Основные механизмы обеспечения качества учебного процесса в вузе

Аннотация. В статье рассмотрены основные проблемы обеспечения качества учебного процесса в вузах страны, которые были выявлены после вступления Казахстана в Болонский процесс. Проведен анализ источников этих проблем, такие, как низкое финансирование, высокий средний возраст преподавательского состава, отставание от мировых тенденций, отсутствие взаимодействия с производством и нестабильность нормативной базы. Особое внимание уделено проблемам целеполагания, соответствия квалификации преподавателей современным требованиям, отсутствию единой методики оценки качества и организации учебного процесса. Автор отмечает, что процедура аккредитации, несмотря на формальный характер на начальных этапах, способствует улучшению понимания требований к качеству образования и стимулирует стремление к совершенствованию. Кроме того, анализируется роль системы менеджмента качества (СМК) в вузах, подчеркивается ее важность в документировании процессов, обеспечении прозрачности процедур и распределении ответственности. Однако авторы указывают на недостаточность СМК для обеспечения качества учебного процесса, делая акцент на ключевой роли преподавателя в управлении качеством, а также на необходимости привлечения обучающихся к самоуправлению. В статье также рассмотрена роль учебника как механизма управления обучением. В заключение обозначены механизмы обеспечения качества высшего образования, среди которых аккредитация, СМК, качество подготовки преподавателя и вовлечение обучающихся.

Ключевые слова: учебный процесс, качество, аккредитация, система менеджмента качества, высшее учебное заведение, образование.

S.S. Aldabergenova¹, A.A. Ibzhanova^{*2}, A.B. Ayazbayeva³, A.A. Akizhanova⁴, M.A. Serekpayeva⁵

^{1,2,3,4,5}*S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Kazakhstan*

Basic mechanisms for ensuring the quality of the educational process at a university

Abstract. This article examines the main challenges in ensuring the quality of the educational process in higher education institutions in the country, which were identified after Kazakhstan joined the Bologna Process. It analyzes the sources of these problems, such as low funding, the advanced age of the teaching staff, lagging behind global trends, a lack of interaction with industry, and instability in the regulatory framework. Particular attention is paid to issues of goal setting, the alignment of teacher qualifications with modern requirements, the absence of a unified methodology for quality assessment, and the organization of the educational process. The author notes that the accreditation procedure, despite its formal nature in the initial stages, helps improve the understanding of educational quality requirements and stimulates the pursuit of improvement. In addition, the role of the quality management system (QMS) in universities is analyzed, emphasizing its importance in documenting processes, ensuring the transparency of procedures, and distributing responsibility. However, the author points out the inadequacy of the QMS in ensuring the quality of the educational process, emphasizing the key role of the teacher in quality management, as well as the need to involve students in self-governance. The article also examines the role of textbooks as a mechanism for managing learning. The conclusion outlines mechanisms for ensuring the quality of higher education, including accreditation, QMS, the quality of teacher training, and student involvement.

Keywords: Educational process, quality, accreditation, quality management system, higher educational institution, education.

References

Abdyrov, A.M., Aldabergenova, S.S., Aldabergenova, A.S., Mauina, G.M. (2017) «Upravleniye kachestvom uchebnogo protsessa v vuzakh», MNPK «Innovatsii v professional'nom i professional'no-pedagogicheskom obrazovanii», 446-449. Available at: https://elar.rsvpu.ru/bitstream/123456789/20636/1/ippo_2017_133.pdf (Accessed: 27.01.2025).

Varchenko, Ye.I. (2013) «Upravleniye kachestvom obrazovaniya v obrazovatel'nom uchrezhdenii», Molodoy uchenyy, 3(50), str. 471-474. Available at: <https://moluch.ru/archive/50/6384> (Accessed: 27.01.2025).

Kalanova, SH.M., Bishimbayev, V.K. (2006) Total'nyy menedzhment kachestva v vysshem obrazovanii: uchebnoye posobiye – praktikooriyentirovannaya monografiya. Astana: Izdatel'stvo «Foliant».

Kaldybayev, S.K., Beyshenaliyev, A.B. (2015) «Kachestvo obrazovatel'nogo protsessa v strukture kachestva obrazovaniya», Uspekhi sovremennogo yestestvoznaniya, 7, str. 90-97. Available at: https://s.natural-sciences.ru/pdf/2015/2015_07.pdf#page=90 (Accessed: 28.01.2025).

Kotova, S.S., Khasanova, I.I. (2016) «Kachestvo obrazovatel'nogo protsessa v universitete glazami studentov», Obrazovaniye i nauka, 9(138), str. 43-61. <https://DOI:10.17853/1994-5639-2016-9-43-61>

Kazakstan Respublikasynda zhogary bilimdi zhane gylymdy damytudyň 2023 – 2029 zhyldarğa arналған tūzhyrymdamasyn bekıtu turaly. Kazakstan Respublikasy Ūkimetiniń 2023 zhylygy 28 nauryzdaғы №248 kaulysy. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (Accessed: 28.01.2025).

Minazheva, G.S. (2009) Razrabotka vnedreniye i sovershenstvovaniye sistemy menedzhmenta kachestva v vysshikh uchebnykh zavedeniyakh Kazakhstana. Nauch.-prakt. izdaniye. Almaty: Izdatel'stvo «Kazakuniversiteti».

Parakhonskiy, A.P. (2010) «Problemy obespecheniya kachestva obrazovaniya», Sovremennyye naukoymkiye tekhnologii, 7, str. 310-313. Available at: <https://s.top-technologies.ru/pdf/2010/7/109.pdf> (Accessed: 29.01.2025).

Popova, V. (2019) «Nauchno-pedagogicheskiy prognoz vospitatel'noy deyatel'nosti pedagoga: svoboda vybora i otvetstvennost'», Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniya, 62-2, 213-216. Available at: <https://elibrary.ru> (Accessed: 29.01.2025).

Angulo, P., Angulo, P. J., Coronel, E. y Espinoza, J. A. (2016). Consideraciones y estrategias para la implementación de un sistema de gestión de la calidad ISO 9001 en el marco del Licenciamiento y la Acreditación de la Educación Superior Universitaria en el Perú. Apunt. Cienc. Soc, 6(2), P. 181-192. <http://dx.doi.org/10.18259/acs.2016028>

Fedorov, V.A., Tretyakova, N.V. (2015) «Quality management of educational institutions in protecting students health: conceptual and structural-functional innovations», Scientific Bulletin of National Mining University, 6(150), P. 134–143. Available at: <https://elar.rsvpu.ru/handle/123456789/28014> (Accessed: 28.01.2025).

Gill, S.K., Dhir, A., Singh, G., Vrontis, D. (2022) «Transformative Quality in Higher Education Institutions (HEIs): Conceptualisation, scale development and validation», Journal of Business Research, 138, P. 275-286. <https://doi.org/10.1016/j.jbusres.2021.09.029>

Marina Angélica, Katia de Jesús del Carmen, Hilda Gisella. (2021). Gestión de la calidad en la educación superior: una revisión sistemática. gobernanza. Diciembre. Vol.4/ N°16, P. 307–333. <https://doi.org/10.47865/igob.vol4.2021.160>

Mohammad, M.F., Abdullah, R., Jabar, M.A., Nor, R.N.H.(2022) Establishing Knowledge Management Model of Quality Management Systems for Higher Education Institutions, Global Perspectives on Quality Assurance and Accreditation in Higher Education Institutions Igi Global, P. 90–118. DOI:10.4018/978-1-7998-8085-1

Авторлар туралы мәліметтер:

Алдабергенова С.С. – доктор PhD, «стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасының меңгерушісі, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Жеңіс даңғылы, 62, 010000, Астана, Қазақстан.

Ибжанова А.А. – хат-хабар үшін автор, доктор PhD, «стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасының аға оқытушысы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Жеңіс даңғылы, 62, 010000, Астана, Қазақстан.

Аязбаева А.Б. – магистр, «стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасының аға оқытушысы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Жеңіс даңғылы, 62, 010000, Астана, Қазақстан.

Акижанова А.А. – магистр, «стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасының аға оқытушысы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Жеңіс даңғылы, 62, 010000, Астана, Қазақстан.

Серекпаева М.А. – доктор PhD, «стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасының аға оқытушысы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Жеңіс даңғылы, 62, 010000, Астана, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Алдабергенова С.С. – доктор философии (PhD), заведующая кафедрой «Стандартизация, метрология и сертификация», Казахский агротехнический исследовательский университет им. С.Сейфуллина, пр. Женис, 62, 010000, Астана, Казахстан.

Ибжанова А.А. – автор для корреспонденции, доктор философии (PhD), старший преподаватель кафедры «Стандартизация, метрология и сертификация», Казахский агротехнический исследовательский университет им. С.Сейфуллина, пр. Женис, 62, 010000, Астана, Казахстан.

Аязбаева А.Б. – магистр, старший преподаватель кафедры «Стандартизация, метрология и сертификация», Казахский агротехнический исследовательский университет им. С.Сейфуллина, пр. Женис, 62, 010000, Астана, Казахстан.

Акижанова А.А. – магистр, старший преподаватель кафедры «Стандартизация, метрология и сертификация», Казахский агротехнический исследовательский университет им. С.Сейфуллина, пр. Женис, 62, 010000, Астана, Казахстан.

Серекпаева М.А. – доктор философии (PhD), старший преподаватель кафедры «Стандартизация, метрология и сертификация», Казахский агротехнический исследовательский университет им. С.Сейфуллина, пр. Женис, 62, 010000, Астана, Казахстан.

Information about the authors:

Aldabergenova S.S. – PhD, Head of the Department of Standardization, Metrology and Certification, S.Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Zhenis ave., 62, 010000, Astana, Kazakhstan.

Ibzhanova A.A. – Corresponding author, PhD, Senior Lecturer, Department of Standardization, Metrology and Certification, S.Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Zhenis ave., 62, 010000, Astana, Kazakhstan.

Ayazbaeva A.B. – Master, Senior Lecturer, Department of Standardization, Metrology and Certification, S.Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Zhenis ave., 62, 010000, Astana, Kazakhstan.

Akizhanova A.A. – Master, Senior Lecturer, Department of Standardization, Metrology and Certification, S.Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Zhenis ave., 62, 010000, Astana, Kazakhstan.

Serekpaeva M.A. – PhD, Senior Lecturer, Department of Standardization, Metrology and Certification, S.Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Zhenis ave., 62, 010000, Astana, Kazakhstan.